

Эндоскоп DEXP ЕС8Н2 / ЕС8Н3 / ЕС8Н5

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес жасалған және әзірленген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ бұйымды дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың қауіпсіздігіне назар аударыңыз және құрылғыны одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Эндоскоп әр түрлі нысандардың қол жетімсіз қуыстарын визуалды тексеруге арналған.

Сақтық шаралары

1. Бұйымның құрылымында ешқандай өзгеріс жасамаңыз.
2. Қысқа тұйықталуды болдырмас үшін бұйымның кез-келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, оның жанына сұйықтық бар ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Бұйымды электромагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Эндоскоп Windows XP/7/8/10, macOS и Android операциялық жүйелеріне негізделген әртүрлі құрылғыларға қосылу үшін әмбебап USB кәбілімен жабдықталған.

Windows ОЖ-мен пайдалану

www.kkmoom.com/camera.rar сілтемесі арқылы өндірушінің веб-сайтынан қосымшаны жүктеп алыңыз және орнатыңыз Содан кейін эндоскопты компьютерге қосып, бағдарламаны іске қосыңыз. Енді сіз эндоскоптың көмегімен фотосуреттер мен бейнелер түсіре аласыз.

macOS ОЖ-мен пайдалану

macOS ОЖ жұмыс істейтін құрылғыларда эндоскопты пайдалану үшін Photo Booth, QuickTime Player немесе VLC қосымшаларын пайдалануға болады.

Android ОЖ-мен пайдалану


Эндоскоп OTG функциясын қолдайтын Android 4.4 және одан жоғары ОЖ жұмыс істейтін құрылғылармен үйлесімді болып келеді. Осы беттегі QR кодын пайдаланып OTG View қосымшасын жүктеп алыңыз және орнатыңыз. Бұл қосымшаны суретті эндоскоп камерасынан смартфон экранына шығару үшін, сондай-ақ фото және бейне түсіру үшін қолданыңыз.




OTG View

Саптамаларды орнату

Құрылғының жиынтығынан саптамаларды арнайы тесікке (1-сурет) немесе бекіту сақинасының көмегімен орнатуға болады (2-сурет).



1-сурет



2-сурет

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: EC8H2, EC8H3, EC8H5.
- Негізгі кабельдің ұзындығы: 2 м (EC8H2), 3,5 м (EC8H3), 5 м (EC8H5).
- Кәбілді түрі: жартылай қатты.
- Объектив диаметрі: 8 мм.
- Камераның рұсқаты: 1280x720, 640x480.
- Камера матрицасының өлшемі: 1/6”.
- Бейнежазба жиілігі: 30 к/с.
- Шолу бұрышы: 70°.
- Фокустық қашықтық: 4-8 см.
- Фото пішіні: JPEG.
- Бейне пішіні: AVI.
- Қорғаныс класы: IP67.
- Жұмыс температурасы: 0 °С-тан 70 °С-қа.
- Жарықтандыру: жарықдиодты, реттелетін.
- Қуат: USB кәбілі бойынша 5 В.
- Үйлесімділігі: Windows XP/7/8/10, macOS, Android.

Жинтықталым

- Эндоскоп.
- Саптама-іلمек.
- Саптама-магнит.
- Бүйірлік линза.
- Бекіткішсақинасы.
- Пайдаланушының нұсқаулығы.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80 %-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.

- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Цифаньсин Электроник Тэкнолоджи Ко., Лтд. 902, 1-ғимарат, Цзяньюй бірінші өнеркәсіптік аймағы, Гушу Наньчан, Сисян көш., Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан. Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club

Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.



v.1